

Көгалдандыру







- **КӨГАЛДАНДЫРУ**– қала, ауыл, тағы басқа елді мекендерде ауаны тазарту, көлеңкелеу үшін [ағаш](#), [бұта](#), [гүл](#), [көгал өсіру](#). Құрылыс аяқталғаннан кейін жүргізілетін Көгалдандыру жұмыстары мекенжайларға әсем көрініс береді, шудан, күннен, шаңнан, тағы басқа қорғайды, санитарлық-гигиеналық рөл атқарады. Ғылыми деректер бойынша белгілі бір аймақтың 15%-ы көгалдандырылса, шаң-тозаңның мөлшері 20%-ға кемиді, 35%-ға өсімдік өсірілсе, шаң 50%-ға азаяды, ал 65%-ға өсірілсе, шаң 95%-ға кемиді. Жол жағалауларына отырғызылған ағаш пен бұталар, гүлдер мен көгал ауадағы [көмір қышқыл газды](#) сіңіріп, ауаны оттегімен байытады, шуды азайтып, мекенжайды желден, күннен және шаңнан қорғайды.



- 1 га жасыл алқап 1 сағатта ауадан 8 кг көмір қышқыл газын бойына сіңіреді. Кейбір ағаштар өздері айналасына тарататын фитонцидтері арқылы ауадағы зиянды микроорганизмдерді жойып, оны адамның денсаулығына қолайлы иондармен байытады. Мұндай ағаштар қатарына қылқан жапырақты қарағай, шырша, Сібір балқарағайы, тағы басқа жатады. Көгалдандыру жұмыстарын жүргізгенде міндетті түрде көгалдандырылатын алқаптың ауа райы, топырақ құрамы, жер бедері сияқты ерекшеліктері ескеріледі, суаруға қажетті су көздері қарастырылады. Осы факторлар бойынша отырғызылатын өсімдіктер құрамы да анықталады. Орман ағаштары мен бұталар көшеттері, шөптесін өсімдіктердің жас өркендері мен тұқымдары әр аймақта орналасқан питомниктерден алынады.





- Көгалдандыру жұмыстарын жүргізгенде төмендегі мәселелерді ескеру керек. Оны мына 1-ші кестеден көруге болады:
 1. Жергілікті жердің табиғи климат жағдайы .
 2. Жердің географиялық орны .
 3. Топырақ құнарлығы.
 4. Өсімдіктердің биологиялық ерекшеліктері.
 5. Өсімдіктердің экологиялық ерекшеліктері.
 6. Өсімдіктердің үйлесімділігі.
 7. Жергілікті жердің экологиялық жағдайы.
 8. Көгалдандырудың эстетикалық жағдайы.
(аспектісі)





- Жасыл желектер қала ішіндегі шудың 60 пайызын ұстап қалады екен. Өсімдіктер көмір қышқыл газын бойына сіңіріп, оны ыдыратып, ауаны оттегімен және жеңіл иондармен байытады, шуды азайтып, қаланы желден, шақырайған күннен сақтайды, ауадағы шаңды, ыс — күйені, транспорттың улы газдарын жұтып, олардың мөлшерін азайтып отырады. Бір гектар жасыл алқап 1 сағатта ауцадан 8 кг. көмір қышқыл газын сіңіреді екен. Ол 200 адамның осы уақыттың ішінде (тыныс алу кезінде) бөліп шығаратын CO_2 — на тең. 25 жылдық терек жазғы 5 айда 44 кг, емен — 28 кг, ал жөке ағашы — 16 кг көмірқышқылын сіңіреді.